

**"Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 963 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 562 қаулысы

Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізе отырып, карантиндік аймақ белгілеу туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 963 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын барлық шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шымкент қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Шымкент қаласының әкімі*

*М. Әйтенов*

Шымкент қаласы әкімдігінің  
2023 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_ қаулысына қосымша

**Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізілетін аймақ**

р/с	Карантиндік объект атауы	Аудан атауы	Жалпы зақымданған алаң , (гектар)
1	Арам сояу	Тұран	1,8
2		Әл-Фараби	0,23
3		Еңбекші	4,8
4		Қаратау	2
Барлығы			8,83
1	Жатаған у кекіре	Тұран	0,5
2		Еңбекші	0,5
3		Қаратау	8,6
Барлығы			9,6
1	Шығыстың жеміс жемірі	Әл-Фараби	0,03
Барлығы			0,03

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК